


«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.1 7 беттен
-----------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------

БЕКІТІЛДІ
«М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті» ҚЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімі
№1 «27» қаңтар 2022 ж.



**«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы
ЕРЕЖЕ**

Шымкент, 2022

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	6.2 7 беттен
-----------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------

1. Жалпы ережелер

1. «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң), «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы (бұдан әрі - Қоғам), квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдары, ҚР БЖҒМ дайындаған квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Типтік ереже негізінде әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі

2. «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі (бұдан әрі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет) ұйымдық құрылымдарының, оның жұмыскерлері мен білім алушыларының Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функцияны атқарады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Қоғамның Директорлар кеңесі шешімімен құрылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат санын Қоғамның Директорлар кеңесі келісімімен Басқарма Төрағасы-Ректор бекітеді.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмыскерлерінің функционалдық міндеттемелері, құқықтары мен жауапкершілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы Ереже негізінде дайындалған лауазымдық нұсқаулықтарда айқындалады және Басқарма Төрағасы-Ректормен бекітіледі.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже Қоғамның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық жұмыскерлеріне хабардар етіледі.

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	6.3 7 беттен
-----------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мәртебесі

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Қоғамның құрылымдық бөлімі болып табылады, өзге ұйымдық құрылымдардан тәуелсіз, Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды қабылдауда және іске асыруда тәуелсіз болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Қоғамның өзге құрылымдық бөлімдері құзіретіне жататын жұмыстарға, сондай-ақ өз құзіретіне жатпайтын бағдарламалар мен жобалардың дайындалуы немесе орындалуына тартылмайды.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жұмыскерлеріне Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының ережелері қолданылады.

11. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жетекшісін тағайындау және босату тиісті сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органға хабарлама бере отырып іске асырылады.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің іс-әрекетін бағалауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган іске асырады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары және функциялары

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі мақсаты ұйымдық құрылымдары мен жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптарды және озық халықаралық тәжірибенің сақталуын қамтамасыз ету;

2) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру.

«Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	6.4 7 беттен
-----------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстың тиімділігіне мүдделілігі;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіліктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жұмысының ақпараттық ашықтығы;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсты жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсты жетілдіру.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциялары:

1) Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясатын әзірлейді;

2) ұйымның қызмет ерекшелігін ескере отырып, Қоғам қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нұсқаулықтар әзірлейді;

3) Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

4) корпоративтік әдеп құндылықтарын насихаттайды;

5) Қоғам жұмыскерлері мен білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Әдеп кодексін, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты мен Академиялық адалдық ережесін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғам жұмыскерлерін оқытуды ұйымдастырады;

7) Қоғамдағы құрылымдық бөлімдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі бағдарламасын орындауына мониторингті әзірлейді және жүргізеді;

8) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді азаматтық қоғам және бизнес-қауымдастық өкілдерін тарта отырып, үйлестіреді;

9) квазимемлекеттік сектор субъектісі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган бірінші басшыларының бірлескен шешімімен жүргізілетін Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге қатысады;

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	6.5 7 беттен
-----------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------

- 10) Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруды іске асырады;
- 11) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу, соның ішінде жұмысқа қабылдау бойынша шаралар қабылдайды;
- 12) Қоғамда сыйлықтар мәселелері мен өкілдік шығыстарды реттеу бойынша шаралар қолданады;
- 13) қаржылық шарттарды жасасу кезінде контрагенттерді тексеруді іске асырады;
- 14) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді/ немесе оларға қатысады;
- 15) Заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын Қоғам жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауына мониторинг жүргізеді;
- 16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер, квазимемлекеттік сектор субъектіндегі сыбайлас жемқорлықпен байланысты істер бойынша сот тәжірибесіне мониторинг және талдау жасау;
- 17) Қоғамдағы құрылымдық бөлімдері мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды іске асыруының тиімділігін бағалайды;
- 18) Қоғамдағы құрылымдық бөлімдері мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тиісті ақпараттарын тыңдау;
- 19) Басқарма Төрағасы-Ректорға анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Қоғам қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;
- 20) қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар бойынша есептер мен ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;
- 21) жыл сайын Қоғамның Директорлар кеңесі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган басшысының алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді.
17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құқықтары

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құқылы:

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.6 7 беттен
-----------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------

1) Қоғамның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде Қоғамның ұйымдық құрылымдарынан ақпарат пен материалдарды, оның ішінде қызметтік /коммерциялық құпияны құрайтын ақпараттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

2) өз құзіретіне жататын мәселелерді Қоғамның Директорлар кеңесінің немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына шығаруға бастамашылық жасауға;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға;

4) Қоғам басшыларынан және басқа жұмыскерлерінен қызметтік тексеру шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етуге;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеге және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қарауына ұсынуға;

6) өз құзіреті шегінде ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысуға;

7) квазимемлекеттік сектор субъектінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыста консультациялық көмек көрсетуге;

8) Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың бар немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарламалар келіп түсуі мүмкін ақпарат беру арналарын құруға не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды арттыру жөніндегі ұсыныстардың тиімділігі жөнінде іс-шаралар енгізуге құқығы бар.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі міндетті:

1) Қоғам және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі функцияларын жүзеге асыру кезінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтайды;

2) Қоғамның Әдеп кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты және өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	6.7 7 беттен
-----------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез-келген жағдайлар туралы Қоғамның Директорлар кеңесін уақытылы хабардар етеді;

4) Қоғам қызметкерлерінің іс-әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда тиісті дәлелдемелер мен материалдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға береді;

5) Қоғамда белгіленген жұмыс режиміне кедергі жасамайды;

6) қызметтік және кәсіптік этика талаптарын сақтайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің есептілігі

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдістемелік және ақпараттық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар бойынша есептер мен ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жыл сайын Қоғамның Директорлар кеңесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жылдық есепті ұсынады.

23. Қоғам өзінің контрагенттерін, іскерлік серіктестерін, азаматтық қоғам институттарын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы тұрақты негізде хабардар етіп отырады.

8. Қорытынды ережелер

24. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

25. Осы Ереженің жекелеген тармақтары Заңнама нормаларына қарама-қайшылыққа түскен жағдайда, жоғарыда көрсетілген тармақтар жарамсыз деп есептеледі және сол тармақтармен реттелетін сұрақтар бойынша осы Ережеге тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін қолданыстағы Заңнама нормалары қолданылатын болады.